



«ТҮРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ
ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛТЕЛЕРІ»

*алты халықаралық
ғылыми-практикалық конференция*

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 23 қазан, 2017 жыл

Ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері
Т. Кәкішұлының 90 жылдығына арналған

**«ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҮЛЫ ЖӘНЕ
ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 23 қазан, 2017 жыл

Жалпы редакциясың басқарған
филология ғылымдарының докторы, профессор Ө. Әбдіманұлы

Жауапты шығарушылар:

А.Б. Темірболат,

А.Ш. Асқарова, Ш.А. Шортанбаев, Б. Бақытов

АЛҒЫ СӨЗ

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰАЫ – ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Тұрсынбек Кәкішұлы есімі ісі қазаққа ғана емес, алты Алашқа кеңінен мәлім. Оның қаламынан шыққан ғылыми еңбектер туған халқымен қатар тұтас түркі жұртшылығының да игілігіне қызмет етуде. Сондықтан да Тұрсынбек Кәкішұлының 90 жасқа толу мерейтойы қазақ әдебиеттануы мен әдебиет сыны саласындағы айтарлықтай айшықты оқиғалардың бірі деп білемін.

Қазақ халқы қашанда дарындарға кенде емес. Ел ішінде ғалым да, ойшыл да, кемеңгер де, өнерпаз да жеткілікті. Алайда, ғалым көп те, қайраткер аз. Талантты көп те, тұлға аз. Қашанда асылдардың аз болатыны, сирек кездесетіні табиғи заңдылық емес пе?! Тұрсынбек Кәкішұлы – осындай санаулылар санатындағы асыл тұлғалардың бірі де бірегейі деп ойлаймын.

Ол – сетіз кырлы, бір сырлы жан. Оның алуан түрлі асыл қырларын сөз етуді арнаулы мамандардың үлесіне қалдыра отырып, біз осы орайда қал-қадарымызша жан-жақты тұлғаның ғалымдық және қайраткерлік келбетін ашуды мақсат етіп отырмаыз. Өйткені оның басқа қырлары осыдан тамыр тартып жатыр ғой деп ойлаймыз.

Қазақта «тылым – інемең күлдік қазғанмен бірдей» деген сөз бар. Бұл ғылымның табиғатын, ғалымның қасиетін тап басып айтылған сөз. Өйткені, ғылым жолы – ауыр жол, табиғи қарым-қабілет пен дарыннан бөлек, айнаымас мінезді, мол күш-жігерді, тынымсыз табындылықты, қажымас қажыр-қайратты талап ететін күрделі жол. Осынау қасиеттер бір бойында тоғысқан жандар ғана ғылымда өзіндік із қалдырып, адамзаттың рухани қазынасына үлес қоса алмақ. Осы жағынан келгенде, Тұрсынбек Кәкішұлының бір басында аталған қасиеттердің барлығы бар деп есептеймін. Оған ғалымның артына қалдырған мол ғылыми

«Тұрсынбек Кәкішұлы және әдебиет тарихының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары: ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері Т. Кәкішұлының 90 жылдығына арналған. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 306 б.

ISBN 978-601-04-2922-2

Ғылыми жинақ көрнекті әдебиеттанушы ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп Ғылым академиясының Хұрметті академигі, Ел аралық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының 90 жылдық мерейтойына арнайы шығарылды. Ұстаз-ғалымның қайраткерлік келбетін, азаматтық тұлғасын және зерделі зерттеушілігін танытуға арналған жинаққа белгілі қоғам қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдар мен жас бұрын зерттеушілердің еңбектері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, ізденушілер мен жас қаламгерлерге, жалпы әдебиет сүйер оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-04-2922-2

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

1-СЕКЦИЯ

Т. КӘКІШУАЫ – ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Әбдіминұлы Ө.,

университеттің филология және әлем тілдері факультетінің
деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор

ҒЫЛЫМДА ШЫНДЫҚ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН ҒҰЛАМА

Тұрсынбек Кәкішұлындай тұғырлы тұңға болмысын тұтастырып тұрған Ұстаз, Ғалым, Азамат атты үш татаған бірлік. Біз бүтін сан қырлы санлақ санаткердің бір ғана қырын ашсақ деген ойдамыз. Ол – ғалымдық болмысы.

Біздің ұғымымызда Тұрсынбек Кәкішұлының ғылымдық болмысы оның ұлтжандылығымен айбындалып тұрады. Тұрсынбек бойында шынайы ғалымға тән турашылдық мінез бен шындыققа ұмтылған азаматтық сана біте қайнасақ. Сондықтан да, ол – ұлтжанды ғалым.

Иә, Тұрсекееннің саналы құмырындағы ғылымның орны ерекше-ақ! Ғалымның зерттеушілік әдіс-тәсіліне тән сипаттың ен көрініс табуы деп білеміз. Ол «Ә» дегенде-ақ әдебиеттану ғылымындағы өз бағытын дұрыс тандап, тап басып тани алған секілді. Ал енді бағдар тура болғанда, істің нәтижелі болары бесенеден белгілі. Тұрсекеен – өз сөзімен айтқанда, «осыны мықтап ұғынған» жан. Сондықтан да Тұрсынбек Кәкішұлының алғашқы таңдаған тақырыбы – ғылымға келіп қалған соң, ала салған тақырып емес, бейнетінің кермек дәмі сезіліп тұратын «теріненен маржан термектің» ізденісі.

Тұңғыш зерттеу жұмысы «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917-1929)» атты аты айкайлап тұрған еңбегінің өзінде-ақ әдебиетіміздегі күрделі

де қиын кезеңге бой ұрып, айтыс-тартыстың отына шарпылдамай, әрқайсысының ойларымен әдеби-ғылыми ортаны мойындапты. Тұжырымды ойлағанда жетпілес қос ғылым – әдебиет пен тарихтың бірігінен шындық іздеген әдетінен есте жанылған жоқ.

Содан кейінгі уақытта жетпілес қос ғылым – әдебиет пен тарихтың бірігінен шындық іздеген әдетінен есте жанылған жоқ. Тұрсынбек Кәкішұлы қандай еңбек жазбасын, тіпті кішігірім мақала жазса да, әуелі тақырыпты әбден игеріп, қажетті мәтіндердің бәрін білдім, енді ешбір қоспасыз ой қозғауға болады деген сенімге ие болғанда ғана іске кірісетін. Сондықтан да ғылымның ғылыми еңбектеріне тән тағы бір қасиет – шындықтан ауытқымай, шырайландыра жазу. Өзін-өзі сыйлайтын азамат үшін бұл бір үлкен ғанибет. Шығармашылық жолында «барды барыңша ашық та айқын баяндау» принципінен қалыптастырылған ғылым, ұстанған бағытынан еш айнаған емес. Өзі жазған 40 шақты кітаптың ұстар ұстанымы да, тұғыр-тіреті де шыншылдық.

Аңғара алған адамға Тұрсекееннің ғылыми зерттеулері ауқымды да арналы үш саладан тұрады. Олардың жеке-жеке алғанда әрқайсысының өзіндік сырғы жетерлік. Жалпы, ғылым адамға өзінің мінез құлқы мен жігер-қайратына үйлесім табар тақырыптарды тандай алудың берері мол-ақ. Бұл тұрғыдан алғанда, Тұрсекеен тағы да бағы жанған жан. Өйткені әдебиеттегі «ақтандықтарды» айту үшін, бірбеткей мінез, қайтпас қайсарлық керек. Ертеректе 1917-1930 жылдар арасындағы әдебиет тарихын арқау еткен еңбекке кіріскенде-ақ, кейін жантар зерттеушіге айналуды мақсат тұтқан жас жігіт «ақтандықтар әлемінің» табылдырығынан аттарын сезген-ақ болар. Сезе тұрып, өзіне сенген де болар. Қалай дегенде де ғалым Тұрсынбек сол алғашқы адымнан бастап қазақ әдебиетіндегі «ақтандықтар» құпиясын ашымен болды десек, артық айтқандық емес. Өйткені ғалым өзіне «өбсіре» етіп алған әдебиет тарихының кен ауқымы XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде алыштар мен арыстар, биіктер мен бейтеректер бірде қанаттаса, бірде айтыса-тартыса жүріп, ұлт әдебиетіне елшеуіс еңбек сіңірген кезең. Арыға барсақ, Абайға, бек Кәкішұлының әдеби-ғылыми ізденісінің алғашқы саласы – әдебиет тарихының көзден таса тұстарын назарда ұстау болып табылады.

Әдебиет тарихының «ақтандық» беттеріне үңілу – Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ғалымның ғылыми ізденістерінің бастау көзі. Оның бүкіл ізденіспаздық табиғаты осыдан тамыр тартып жатады. Тереңнен сыр тартқан сын тарихынан қос кітапты

шығарса да, кейінгі көп кітапқа жетерлік азық тапты. Дүние кезек екенін түсінген ғалым, тіркестеп жинап, там-тұмдап жазып, қалғанын сырт көзден таса ұстап, қаптап жинай берді. Өйткені көп ойда жол ашылар күннің келеріне іштей сенімді еді. Ғалымның сын саласындағы аз жазса да, саз жазған еңбегі текке кеткен жоқ. Әдебиет зерттеудегі тын батыт сын жолы үлкен даңғылта айналып, қазақ әдебиет зерттеу ғылымындағы жаңа сала ретінде қалыптасты. Міне, бұл – Тұрсынбек Кәкішұлының ғалымдық ізденісінің екінші саласы.

Адам баласы өмірге деген көзқарасы қалыптасып, біліктілігі артып, айналасына кейде құптап, кейде сыни оймен қарай бастаған тұстан бастап, біреуге еліктеп, біреуге ұқсап бағуға тырысары шыныдық. Кей біреуге бұл өткелен кезең, кейбіреуге мәңгілік. Бірақ ол құр еліктеушілік дәрежеде қалып қойса, орине, өкініш. Сырттай ұқсауға тырысудан гөрі, ішкі жан дүниен үндесіп жатса ғой, шіркін!

Тұрсекең алдыңғылардың көшірмесі болуға ұмтылмай, дара тұлға болып қалыптасқанмен де, іштей еліктейтін бір жан болған. Ұқсағысы келеді-ақ, ұқсауға тырысады да. Ол – ақиық акын Сәкен Сейфуллин. Сондықтан да болар осы бір «жұмбақ жанның» жұмбағын шешуге саналы ғұмырын түгел арнады. Бұл тақырып – Тұрсекеңнің ғалымдық парызынан, азаматтық қарызынан жаралған ізгілігі мол, ілімі кең, өнегесі ұрпаққа аманат қастерлі еңбек пен зейнет көмбесі. Олай болса, бұл – гиораты мол ғұлама ізденісінің үшінші саласы.

Тұрсынбек Кәкішұлы ашқан «ақтандықтар» әлемінің алғашқы бастауын Сәкеннен тартсақ орынды. Сәкен әлемі шынышыл ғалым үшін тек Сәкен бейнесімен дараланып қалмайды, Сәкен арқылы Тұрсекең Алаш ұранды әдебиеттің құпиясын ашты. Біле білсек, Сәкеннің қысқа ғана ғұмыр жолы – бүкіл зиялы қауымның, бүкіл шығармашылық тұлғалардың XX ғасыр басында зұлмат зобдаланның талқысына түскен тар кезеңдегі қилы тағдырының көрінісі. Сәкеннің азаматтық тұлғасын таныту, бүкіл бір дәуірдің тарихи өзгерісін айқындау болып табылады.

Өзінің Сәкендей тұлғамен алғаш «танымсуы» жөнінде ғұмырын сәкеңтануға арнаған ғалым былай деп жазды. «1944 жылдың қысында Сәкеннің «Тар жол, тайпақ кешуін» қазақтың үлкен әншісі Қосымжан Бабақовтың үйінде оқып ем. Арқаның атақты әншісі маған тісінен шығарма деп, мықтап ескертіп еді, Сәкенді оқымай өскен ұрпақ өкілі сойтіп 17 жасында Сәкен рухыммен

сырласып, «Сәкеннің ауулы атын жүрегінде аялай өскен жастың біріне» айналады. Жүрек түнкірінде жатқан бұл бұйыты сыр келінігі тұстағы екі жағдайдың арқасында сан ізденіске жол ашып, йінгі кітапқа өріліп түсті. Оның біріншісі – алғашқы оқиғадан төрт сан кітапқа сүйенген жары Гүлбадраммен жүздесуі, екіншісі – Есмағамбет Ысмайылов сынды ұстазбен бірлесе қызмет атқаруы.

Біздіңше, Тұрсынбек Кәкішұлының сәкеңтануға қосқан ең зор үлесі Сәкен өмірі мен шығармашылығының «ақтандығын» ашу болып табылады. Яғни акын шығармашылығының табиғатын тануға ең алдымен адамдық болмысың, азаматтық тұлғасың зерделеу арқылы қол жеткізу. Акын да бір «сүйек еттен жаралған пенде» екенін еске алсақ, акындығын тану үшін адамдығын тану қажет-ақ. Сәкендей аты аңызға айналған, бір кезде «қара тақтаға жазылып», халық жауы атанған, одан соң «қызыл тақтаға» көшіріліп, қызыл сұңқар танылған акынды тәуелсіздік тұсын дазирялы қауым қай тақтаға жазарын білмей тосылып тұрған шақта Тұрсекең жазған еңбектердің айбыны асқақтай түсті. Себебі ғалымның ыждаһатты ізденісінен тұтан «кезең шынығы» Сәкен тұлғасына көленке түсіре қоймасы хақ.

Тұрсынбек Кәкішұлының Сәкен жайлы жазған әрбір кітабы ұлы акынды үнемі жаңа қырынан ашып келді. Желісі ортақ, оңы өзектес болғанмен, әрбір жаңа кітапта Сәкен өмірінің бұрын айтпыматан, айтылса да сөз арасында ғана айтылып кеткен жайларын шыныдықпен шырайландыра отырып жеткізді. Мәселен, «С. Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқардың» (1968) негізгі желісі – революция от-жалыны жылдарындағы Сәкен өмірі. Ал «Сәкен Сейфуллин» (1976) Сәкеннің акындығын, адами қасиеттерін, азаматтық тұлғасын жан-жақты ашумен, тыннан қосқан соны деректерімен құнды. Осы кітаптарда Сәкен туралы бәрі айтылатын секілді, бірақ еңбеккер зерттеуші бұнымен тоқтап қалмады. Ізденісін жалғастыра отырып, Сәкен өмірінің қилы кезеңдеріне, бірде ашпан бастырып, бірде таскіретін тарттырған тағдырының сан тарауына үңілдірді. Үңілді де «өтірік пен шынықтың» арасы екі-ақ елі екенін көрді. Көрді де шарқ ұрып шынықты іздеді. Ізденісі жемісті болып, «Сәкен және Гүлбадрам», «Сәкеннің соты», «Сәкен аялаған арулар» атты тақырыптар жеке-жеке зерттеу еңбектеріне айналды. Сәкен өмірінің «ақтандығын» ашу деген осы еме пе? Бір адам өмірінің мұншама «жұмбағын»

пешу – бір ғалымның ғұмырына азық етпесі кәміл. Қаншама құпияның сыры ашылды, сөйтіп барып Сәкендей арыстың азаматтығын танығтар толыққанды тұлғасы сомдалды.

Тәуелсіздік тұсында жазылған «Кер заманның керсара ойлары» кітабының «Дарындар – сын доласында» атты тарауында қазақ поэзиясы әлемінің қос жұлдызы Матжан мен Сәкен тағдырларын желілес ала отырып, ғалым оларға тағылған «Киян-пұрыс сындардың» қилы сұмдығын ашты. Өзінің бір кездері Матжан тұраылы біржақты пікірлерін «Матжаншылар мен жанжалшылардың» құрбандығына шалмау үшін «Пенделік пиғылдың әсерін жоққа шығармаймыз, бірақ оның пешуші сипаты қоғамдық-әлеуметтік көркемдік себептерге байланысты екенін ұмытпаған абзал», – деп ескертті. Ал уақытты келгенде айтар ойын еш бүкпесіз ашық айтты. «Матжан – бірден жарқырап шыққан жұлдыз. Оның 1912 жылғы алғашқы жинағының «Шолпан» аталуының символикалық мәні бар. Матжан шолпан болуға ұмтылды, ниет қылды және болды да. Елі, халқы үміт артты». Матжан жайлы «ақтандақтарды» көреген ғалым оның өмірі мен шығармашылығына емес, Матжан жайлы шындықты айтқан Жүсіпбек мақаласы мен өзге солақай сындардың өресін салыстыра отырып байыптады.

Ғалым ХХ ғасырдың соңына қарай Сәкендей сұңқарға қатысты «Матжан-Сәкен» (1999) атты жана еңбегін жазды. Бұл кітабында ғалым Сәкен мен Матжанның өмір кезеңдерін қатар ала отырып, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ақтандақтардың қыр-сырын терең ашуға ниет қылады. Және оны жалан сөз қылмай, тарихи-әдеби шындықты мұрағат құжаттарымен негіздеп, кенестік кезеңге дейінгі және кенес тұсындағы қоғамның әлеуметтік ахуалын, қос акынның шығармашылық ба-секелестігін салыстармалы түрде зерттеп, творчестволық ерекшеліктің өзіне ғана тән болмысын ашады. Жана ғасырдың поэзия аспанында жарқырап жанған қос жұлдыздың «Шолпан» мен «Откен күндер» елген жинақтарының көркемдік әлеміне, идеялық ұстанымына, ақындық қуатына салыстырмалы зерттеу жүргізуі қызықты да әрі тартымды. Құнтты ғалым идеологиялық майданның екі жағында тұрып-ақ ел деп еміренген Матжан мен Сәкенің өнер жарысындағы іргелі туындыларының жазылу тарихы мен бір-бірінен шабыт алған қуат күшінің сырын аша алған. Әсіресе «Батыр Баян» мен «Көкшетау» дастандарын салыстыра, шендестіре талдауы – ғылыми эстетикалық тұрғыдан

қазақ әдебиеттануындағы жана сөз еді. Зерттеуші алғанда, Сәкен ақындығын салыстырмалы түрде зерттеу арқылы Матжан, Сәкен әдебиетінің кенге қанат жаюына игі әсер еткенін нақты дәлелдеді. Өз заманының шын мәніндегі рәс қазақ әдебиетінің кенге қанат жаюына игі әсер еткенін нақты деректер арқылы дәлелдей алды. Өз заманының шын мәніндегі зияр ақындарының ұстанған ұстанымына сай келетін әлемнің отық үлгідегі әдебиет өкілдері шығармашылығына еліктеуі, сол дәстүрдегі дүниелерді жарыққа әкелуі жас әдебиеттің дамуына өңіндік үлес болып қосылғандығын нағымды түрде көрсетіп берді. Блок, Балмонт, Мережковскийлерге еліктеген Матжан мен Троцкий, Маяковский, Фадеевтермен идеялас болған Сәкен шығармашылық ізденістері арқылы өзі өмір сүрген кезеңге жат емес дүниелердің тұтызғанын ойлы талдаулар арқылы орнықты жеткізеді. Өмірлерінің соңғы сәтінде қос алыптың арасындағы достық дәнекердің пайда болуын екі акынның өзара алысқан қағтары мен соңғы жылдарда жазылған жырларындағы ортақ сарындастықтан іздегірген ғалым тұжырымдары да көкейге қоныды.

Түйіндеі келгенде айтарымыз, 450 беттен тұратын осынау ғылыми-әссе – әдебиетіміздің ұлы классиктерінің өмірі мен шығармашылығын өзек ете отыра белгілі бір кезеңдегі қазақ қоғамының ашы шындығын ашқан, көркемдік талдаулары арқылы қазақ әдебиеттану ғылымындағы тарихи таным мен эстетикалық тағғамды жана белеске шығарған шынайы ғылыми еңбек.

Тұрсынбек Кәкішұлының сын тарихын зерттеудегі ізденістерінің қазақ әдебиеті ғылымындағы зор табыс болып табылатындығы кезінде айтылды да, жазылды да. Біздің айтпағымыз, бұл бағытта ұлы төңкеріске дейін бізде сын болған жоқ деп жүрген «көпшен бірге адаспай, жалғыз жүріп жол тапқандығы». Және де кезінде зерттеулері екі кітап («Сын сапары», «Онаша отау») болып басылып шықса да, «заман түзеліп, енді оқушы түзеір» сәтте тын деректермен байытып 25 баспа табақ «Қазақ әдебиеті сынының тарихын» жазып, одан сон оны екі томдық етіп шығаруы шынышыл ғалымныңуақытпен нақты үндесуі болып табылады. Бір қаратан адам бұрынғыларын қайта бастырды дер. Жәкі! Бұл – тын дүние деп атауға әбден лайық, уақыт талабына орай жанғырған ойларға толы, бұрын ат үсті аталып кеткен асыл қазыналарды мейлінше терең талдауға ұмтылған сонылығы

басым кітап. Ондағы «Қазақ» газетіндегі сыни материалдарды ғылыми айналымға қосудың өзі неге тұрады.

Бір кездері «Сын сапары» тақырып тың болуымен, «Дала уалааты» мен «Түркістан уалаатының» беттерінен бастап, «Айқап» журналының беттеріндегі әдеби-сыни материалдарды сұрыптаумен, ондағы сыни ой-пікірлердің қазақ әдебиетін өркендетуде атқарған ұшан-теңіз қызметін айқындаумен күндіз еді. Мына жана зерттеу қазақ әдебиетіндегі сыни ой-пікірдің қалыптасу, даму, өрістеу құбылыстарын жинақтаумен құнды. Әр тұстағы әдеби айтыс-тартиыстар мен өрістес келіп жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындауға ұмтылумен бағалы.

Тұрсынбек Кәкішұлы етеменді ел болған кезімізде шыққан өзінің «Санадағы жаралар» атты кітабында: «Тарих бетінде әркімнің атқарған ісі, жасаған қатесі, шалыс басқан қадамы түгелдей айтылып, жазылуда тиіс... Қазақ интеллигенциясының тағдыр-талғайында ғана емес, бүкіл халық тарихында қатіңдаға айналып кеткен қателіктерді түзетуіміз керек», — деп жазды. Бұл бір сөздің сәні үшін айтыла салған лебіз емес. «Алла деген сөз жеңіл, ауызға ол жол емес» деп Абай айтқандай, бұл тұралықтан таймаған ғалымның өмірлік мақсаты, тұмырының мәні. Сонау «Оқтябрь өркенінен» (1967) тартылған Алаш зиялыларының тағдырына деген жанашырлықты ол кісі тұмыр бойы жалғастырды. «Әр дарының өз орны бар» деп түсінетін зерттеуші сол дарындардың ұлты үшін атқарған қызметін айрықша көрсетуді өзіне міндет етіп алғандай. Бұл тақырыпқа үнемі айналып соғып, әдебиет пен мәдениетте елеулі еңбегі бар, әрқилы жағдаймен белгісіз болып келген талай тұлғаларды жұртшылыққа таныстырған еңбегі де ерекше.

Заман тыныш, өмірдің өзгеріссіз өтіп жатқан тұсында Жиенғали Тілепберенов, Елжас Бекенов сияқты қазақ әдебиетіне азы-көпті еңбек сіңірген қаламгерлерді жеткен биігінен төмендетпей, оқырманға жеткізген Тұрсекең екенін жоққа шығара алмастық. Ал «Замана бір желмад, қалмасан халқым жақсы еді, желмайдан жығылып» (Әбубәкір Кердәрі) дейтіндей уақыт келгенде ұлыларын ұлтына қауыштыруда өндірге еңбек етіп жүрген тағы да Тұрсекең болды. Басқасын былай қойғанда «Санадағы жаралар» (1992), «Кер заманның керсегар ойлары» (1995), «Толғау» (2004) кітаптары осы мәселеге арналған.

Еңбексүйгіш ғалымның кейінгі ғылыми ізденістерінде өзгеше үрдіс бар екенін аңғару қиын емес. Көбіміз жеке-дара тұлғаларды

зерттеп, кейде әсіре мақтап, кейде істемегенін істеді, болмағанын болды деп жататынымыз шындық. Осы тұста бұған бір-екі мысал келтіре кеткен орынды. Мәселен, бір кезде «Айқап» журналын жабыла мақтап, «Қазақ» газетін ауызға алмай, ауызға алсақ даптаумен болғанымыз шындық емес пе? Ал енді «Қазақ» қазаққа қайта оралған кезде, керісінше «Айқапты» аласартып, «Қазақты» асқақтату басым шығып жатты. Қазіргі әдебиетіміз бен мәдениетімізде оры бар, ортамызға орыған ірі тұлғаларды бір-бірден неқлденіп зерттедік. Бірақ бір өкініштісі әркім «өз тұлғасына» тартып, асыра мақтаудан әріге аса алмай қалғанымыз рас. Өмірдегі мінезі мен ғылымдағы мінезі бір иірімнен шығып жататын Тұрсекең үшін бұл жат нәрсе. Турашып ғалым қашанда шыңдықты іздейді, әділеттік айтуға тырысады. Тұрсынбек Кәкішұлының тағдырдың қилы талқысына түскен қазақ зиялыларының азаматтық ажары мен парасат әлемін бөлмей-жармай бірлікте қаруға ұмтылуын біз осылай қабылдаймыз.

Сонғы еңбектеріңде: «Біздің бүкіл тарихымызда, әсіресе, әдебиет саласында Ақпан мен Қазан революциясындағы кезеңнің жүті ауыр» дей отыра, ғалым Ақпанға дейінгі, Қазаннан кейінгі кезеңнің тарихи шындығын айтуға күш салды. Мұнда ғалым басты үш нәрсеге көңіл аударған. Біріншісі — «Айқап» пен «Қазақ» топтарының ара қатынасы және сол екі топтағы ірі тұлғалы ақын-жазушылар мен кеңестік топтағылардың ара қатынасы, шығармашылық байланыстардағы шындық. Екіншісі — «Алаш» зиялыларының тағдыр-талғайы, олардың ірелі істері мен шалыс басқан қадамдары. Үшіншісі — уақыттың ұранымен кеңестік дәуірдегі әр ақын-жазушыларымызды «бір шыбықпен айдап шығуға» ұмтылушыларды әділеттілікке шақыру. Мұның қай-қайсысында да, шынышыл ғалым дәлелді деректермен, орнықты ойлармен, өткір пікірлермен әділін айта алды.

Ғалымның Кеңестік ақын-жазушыларға көрсетіліп жатқан «әпербақан» қылықтарға қарсылық ретінде жазған сонғы еңбегі — «Сәбит Мұқанов» (2005) атты зерттеу (Күләш Ахметовамен бірігіп жазған).

Бұл кітаптың дайындығы ұзақ жылдарды қамтығаны байқалады. Сәбеннің көзі тірісінде де, кейін де ол кісі туралы турлі сипаттағы мақалалар жазып жүрген Тұрсекең ЮНЕСКО шеңберімен дүние жүзілік тойға айналған Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы тұсында (2000) ұзақ жылдық ізденістерінің жемісі іспетті

Мақалалар топтамасын жиі жариялады. Соның нәтижесінде сабиттануға біржола бет қойып, 2000 жылғы «Қазақ Университеті» баспасынан Сәбене арналып екі жинақ шығарды. Ал 2005 жылғы «Арда» баспасынан «Сәбит Мұқанов (әдеби-ғылыми тұрмырнамалар)» атты 304 беттік әдеби-ғылыми тұрмырнамалық еңбекті бастырды. Бұл бағыты «Өнегелі өмір» сипатында жазылған. Сәкен жайлы кітап дәстүрінде тұған дүние. Қазақ әдебиетінің алыптарының бірі «кәдімгі» Сәбит Мұқанов туралы осы бір зор төбренісеген, еркін толғаныспен жазылған шынышылдығы басым сырлы еңбек – ғалымдық тұмырдың биік бір белесі.

Атақты жазушыны кейбір «жанашылывмақтар» аташ атқа мінгізіп жатқан уақытта дәуір шежірешісінің тырнакалды талапты ізденісінен бастап, «Аққан жұлдыз» атты диалогиясына дейінгі шығармашылық тұмырнамасын жан-жақты зерттеп, уақыт табына сұарылған әлділігін айту онай шаруа емес. Қаламының желі бар зерттеуші жазушының қилы заманы мен қиын да қызықты тағдырын ажырамастай бірікте алып, қамшының еріміндей әдемі киноластырады. Өлеңге қызығушылық талабын оятқан дарынның қасиетті кара өлеңнің қызулы көрігінде пісіп жетіліп, қазақ әдебиетінің классигіне айналу жолы, шығармашылық ерен еңбегі саты-сатылай отырып, біртіндеп ашылады. «Майға сәлем», «Сұлушаш», «Боталғез», «Бадауан Шолақ», «Мөлдір махаббат», «Өмір мектебі», «Аққан жұлдыз» т.б. жанры аралауан, тақырыбы әр түрлі шығармаларындағы Сәбенің ақындығы, жазушылық шеберлігі қилы қырынан ашылып, дархан жүрек, даға көңіл, абыз қадамгердің адами болмысы жайылып саға береді. Сәкеннен төрі Сәбитті жазудың Тұрсекеңе бір жеңілдігі бар. Ол – Сәбенді көзі көріп, рухани сырлас болуы. Ендеше, бұл кітапта Сәбендей теңдессіз тұлғаның жазушы ретінде де, азамат ретінде де бүтінгі қоғамдық-әлеуметтік өмірімізде алатын орны туралы нағыз шынышыл, әрі турашыл көзқарас білдірілген.

Ғалымның көздеген басты максаты–әдебиеттің қай кезеңіне болмасын, ең алдымен, ақыл-парасат азаттығы тұрғысынан келу. Дәуір шыңдылығының бүтінгі көзқараспен бірге жазушы өмір сүрген кезеңдері идеологиямен де үндесуін бағамдау. Өйткені қазақ зиялыларының қай-қайсысы да қандай ұран көтерсе де, не істесе де ұлт қамы үшін істеп жүрмін деп ұқты. Өз кезіндегі уақыт үрдісінде дұрыс деп түсінген кейбір істері уақыт өте келе бұрыс болып шығып жатса, азаматтық тұлғасына қара күйе жатып, тарихтан сызып тастау әділеттік пе? Тұрсекеңнің ел сүйіктісі Сәкен мен

Сәбиттің белдері бейнесіне көлеңке түсірмеу жолындағы күресін осындай ұғынуымыз керек. Солай бағалауымыз керек.

Қалың елі – қазақ жұрты Тұрсынбек Кәкіпұлын көзі тірісінде білімпаз ғалым, сындарлы кезеңде ғылымға шыңдықтың шырағын жағып, ой-сананы оята білетін санагер қалай бағаласа, бүтінде дәл солай! Жанына жақын жүріп сан рет сырласқан, пікір алысқан, еңбектерімен ерте танысып, тұшына зерделесіпшікірті, ғалым ретіндегі айтарым, шынышыл тұрманын кітапта қалған ғылыми мұрасының тұмыры ұзақ боларына еш күмән жоқ!

Бісқақұл Д.

*филология ғылымдарының
докторы, профессор*

ӘДЕБИЕТТІҢ АРЫН АРЛАП...

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының алдынгы летінде жемісті еңбек еткен көрнекті қаламгерлеріміздің бірі филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев еді. Бүтіндері тоқсан жылдығы тойланып жатқан Тұрсекеңнің есімі көпшілік қауымға егеменді елімізде әлеуметтік әділеттілікті орнату, қазақ тілін қорғап, көтеру, ұлттық, халықтық қалпымызды, дәстүрлерді сақтау жолындағы батыл да өткір пікірлерімен кенінен танымал. Ғалым сынышының шығармашылық жолына зер салсақ, сан салалы қырларын көреміз. Оның қаламынан шыққан отыздай кітап пен алты жүздей мақалада жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің, әдеби сын тарихының өзекті мәселелері кенінен сөз болады. Т. Кәкішевтің ғылыми ізденістерін іштей жүйелегенде, мынадай тақырыптық бағыттарда көрінеді: жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің идеялық-шығармашылық мәселелері; оның жекелеген өкілдері Ж. Тілепбереновтің, Е. Бекеновтің, С. Шариповтың және С. Ерубаевтың шығармашылықтары; С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы; қазақ әдеби сынының тарихы; қазақ әдебиетіндегі ақтандақтар; бүтінгі әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынының зәру мәселелері; жолсапарлық әдеби очерктер; т.б. Осы салалардың қай-қайсысында болмасын, ол өндіре еңбек етіп, елеулі еңбектер жазған. Т. Кәкішев әдебиеттің аулына бірден келе салған жоқ.

Мұрманов <i>Ф. М.</i> Алты сөз	3
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖЛІС	
<i>Оразалин Н. М.</i> ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ	7
<i>Қалижанұлы У.</i> ҰЛТ ТҮЛФАСЫ	10
<i>Қара Ә.</i> ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ	18
<i>Осман А.</i> АР МЕН НАМЫС ИЕСІ	27
<i>Ергөбек Қ.</i> АЗАМАТТЫҚ БЕДЕЛ, ҒЫЛЫМДЫҚ КЕМЕЛ	31
<i>Неғматов С.</i> ҚАРА БАЛТ АДАЙ ҚАЙРАУЛЫ ҚАРА НАР ЕДІ	39
<i>Дәдебаев Ж.</i> АРДАҚТЫ ҰСТАЗ	46
<i>Смағұлов Ж.</i> «ОҢАША ОТАУДЫҢ» ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ	51
<i>Әлімжанов Б.</i> КЕН ІЗДЕГЕН ЖИҒАНКЕЗ	64
1-СЕКЦИЯ. Т. КӘКІШУЛЫ – ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ	
<i>Әбдіминұлы Ө.</i> ҒЫЛЫМДА ШЫҒЫНДЫҚ ШЫРАҒЫН ЖАҚКАН ҒҰЛАМА	
<i>Мекенқұлы Д.</i> ӘДБИЕТТІҢ АРЫН АРЛАП	89
<i>Сейтжанов З.</i> АҒЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ	100
<i>Жұмағұл С. Б.</i> ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ АЛЫБЫ	104
<i>Нұрпейісов Н.</i> ҰСТАЗДЫҚ ПАРЫЗ ВЕН ШӘКІРТТІК ҚАРЫЗ	110
<i>Ныязова Ф. М.</i> ҰЛТЫНЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН ҰЛЫҚ ТҮЛҒА	114
<i>Кенбаева М. Р.</i> ҒАЛЫМ Т. КӘКІШЕВТІҢ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ	122
<i>Шортанбаев Ш.</i> КӘКІШУЛЫНЫҢ КІСЛІК КЕЛБЕТІ	126
<i>Жәнісқұлы Ш.</i> ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫНЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ	133
2-СЕКЦИЯ. Т. КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАК ӘДБИЕТИ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<i>Ақыш Н.</i> ТҮЛФАДАР АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС	138
<i>Есембеков Т. О., Қадыров Ж. Т.</i> ТЕРЕН ТАҒЫЛЫМ, ҰЗДІК ӨНЕГЕ	142
<i>Тіленов Ж.</i> ЕСІМІ КАСТЕРЛІ ЕЛ ПЕРЗЕНТІ	147
<i>Медібаева К. К.</i> ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫНЫҢ ҚАЗІРТ ӘДБИЕТТАНУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ	151
<i>Омарова Г.</i> ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ ЗЕРПТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАР МӘСЕЛЕСІ	158
<i>Рахманова Н. М.</i> СӨЗ БЕДЕРІНІҢ ЖАНҒЫРЫҒЫ	164
<i>Қалқабаяева С. Ә. Т.</i> КӘКІШЕВТІҢ ӘДБИЕТ ХАҚЫНДАҒЫ ЗЕРПТЕУЛЕРІ	170
<i>Әбдіқалық К.</i> ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ «АДАШ»	174

<i>Жұмағалдин Ж. Ш.</i> XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАК ӘДБИЕТИ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ (Т. Кәкішұлы шығармашылығы негізінде)	179
<i>Мүлік Д.</i> «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАК КЕШУ» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ	184
3-СЕКЦИЯ. Т. КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ ӘДБИЕТ СЫНЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<i>Асқаров Н.</i> РУХАНИ МҰРА ЖОҚШЫСЫ	191
<i>Иманғазиниев М. М.</i> ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ – СЫН ЖАНРЫНЫҢ КОРИФЕЙІ	196
<i>Бәнішұлы Б.</i> ӘДІЛДІК МҰНАРА АСЫ	207
<i>Асқарова А. Т.</i> КӘКІШУЛЫНЫҢ СЫНШЫЛЫҚ ЖОЛЫ	212
<i>Кожаскеева Б. Ш., Суғенбаева Ә. С.</i> ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫ ЖӘНЕ ӘДБИЕТ СЫНЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ	223
<i>Жұмағұлов А. Б. Т.</i> КӘКІШЕВ ЖӘНЕ ӘДБИЕТ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ	226
<i>Бірбай Т.</i> ҚАЗАК ӘДБИЕТІНІҢ ҚАЙРАТКЕРІ	233
<i>Баржикеева Қ., Қанафин Т. Т.</i> КӘКІШУЛЫ – ҰЛТТЫҚ ӘДБИ СЫН ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУШІ	238
<i>Әбдіқұлова Р., Османова А.</i> ТҰРСЫНБЕК КӘКІШУЛЫ СӨКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҰРКІШІЛДІК БАҒЫЛТ ТУРАЛЫ	245
<i>Үсен А.</i> ҒАЛЫМНЫҢ АСЫЛ АМАНАТЫ	255
4-СЕКЦИЯ. ҚАЗАК ӘДБИЕТИ ТАРИХЫ МЕН СЫНЫН ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<i>Тұрысбек Р.</i> СӘБИТТАНУ САБАҚТАРЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ	262
<i>Болатова Г. Ж.</i> ЖОО-ДА Т. КӘКІШЕВ ЕНБЕКТЕРІНДЕГІ ӘДБИ-СЫН ДИСКУРСЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	271
<i>Асқарова А. Т.</i> КӘКІШУЛЫНЫҢ СӨКЕНТАНУ ШІМІН ӘДБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ТИМДІЛІГІ	278
<i>Адилова А. С. Т.</i> КӘКІШЕВТІҢ «САДАҚ» КІТАБЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	289
<i>Айтбаева А. Е.</i> ҚАЗАҚТЫҢ ТӨНКЕРІСІЛІ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ Т. КӘКІШУЛЫ	297

Ғылыми басылым

Ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері

Т. Кәкішұлының 90 жылдығына арналған

**«ТҮРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ
ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 23 қазан, 2017 жыл

ИБ № 11332

Басуға 19.10.2017 жылғы қол қойылды. Формат 60x84 1/16.

Көлемі 19,2 б. т. Тапсырыс № 5343. Тараптары 50 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.